

	Кіші «Балдырған» топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	ҚАЗАН // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	<i>Денсаулық</i>	<i>3</i>	<i>Қатынас</i>	<i>1</i>	<i>Таным</i>	<i>2</i>	<i>Шығармашылық</i>	<i>3</i>	<i>Әлеумет</i>	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
Қош келдің, Алтын күз! / Золотая осень / Gold autumn // (1-апта)										
Мақсаты. Балалардың күз мезгілі, жапырақтарды сарғайып жерге түсуі құбылысы жайында алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық талғам негіздерін қалау.										
Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Салтанатты адым".		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер".		Сенсорика. Тақырыбы: "Жапырақтар".		Музыка. Тақырыбы: "Ару күз". Мақсаты: балаларды			

тақырыбы, мақсаты.	Мақсаты: балаларды музыка әуенімен тізені жоғары көтеріп, салтанатты адымдауға үйрету; адымдау кезінде дене, қол, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; тазалық пен ұқыптылықты сақтауға тәрбиелеу.	Мақсаты: балаларды жеміс пен көкөніс түрлерімен таныстыру; "көкөністер", "жемістер" деп, біріктіріп айтуға үйрету; адамның еңбегін қадірлеу негіздерін салу.	Мақсаты: балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруге және ажыратуға үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру.	жаңбыр туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әнді музыка жетекшісімен ілесе айтуға жаттықтыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен жасау дағдыларын қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Әдемі, салтанатты адым жасайық". Мақсаты: балаларды музыка әуенімен тізені жоғары көтеріп, салтанатты адымдауға		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қош келдің, алтын күзІ". Мақсаты: балаларға күз мезгілі туралы ұғым беру; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен және	Сурет салу. Тақырыбы: "Жапырақтар түсіп қалды". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, қағаз	

	дағдыландыру; сапта бір-біріне соғылмай жүруге үйрету; ырғақты есту қабілетін дамыту.		ерекшеліктерімен таныстыру; күз мезгіліне деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	бетіне бірыңғай қимылмен жақпалар қойып отыруға үйрету; қылқалам қалдырып жатқан "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға дағдыландыру; түстер туралы эстетикалық талғамын қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тізені жоғары көтеріп жүрейік". Мақсаты: балалардың тізені жоғары көтеріп жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ырғақты есту қабілетін дамыту; ұйымшылдыққа баулу.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Үлкен және кішкентай сәбіздер". Мақсаты: балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанға салып жылыту, илеу, алақанмен үйкелеу арқылы "сәбізді" жасауға үйрету; балаларға сәбіздің күзде пісетіні туралы түсініктер беру.	

Күз сыйы / Дары осени / The gifts of autumn // (2-апта)

Мақсаты. Балалардың күздің сыйы жеміс пен көкөніс түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру; адамның күзгі еңбегіне деген қызығушылығын тудыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектеп жеміс жинайық". Мақсаты: балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге үйрету; шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы мен тазалық ережелерін сақтауға баулу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Шалқан" ертегісі". Мақсаты: балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; олардың бойында еңбекті қадірлеу негіздерін қалыптастыру.	Құрастыру. Тақырыбы: "Күздік алмаларға қорапша". Мақсаты: балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; күзгі уақыттағы адам еңбегін құрметтеу әдебіне тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Күз сыйлаған топ-топ". Мақсаты: балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құмырсқалар секілді еңбектенеміз". Мақсаты: балаларды қатар қойылған заттар		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жапырақтар". Мақсаты: балаларға жапырақтардың түсуі туралы ұғым бере	Музыка. Тақырыбы: "Тұлпарым". Мақсаты: балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды	

	арасымен еңбектеуге жаттықтыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстануға ынталандыру.		отырып, олардың күз мезгіліндегі түсі, ерекшеліктері, құрылымы жөнінде білімдерін кеңейту; эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектейік, ерінбейік". Мақсаты: балалардың қатар қойылған заттар арасымен еңбектей білу қабілеттерін жетілдіру; зеркетікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Алма". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен дөңгелек үлкен алманы салуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.	
Ас атасы – нан / Хлеб всему голова / Bread is the staff of life // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларға нан өнімі туралы алғашқы білімдер беру; адамның негізгі азығын, нанды, құрметтеуге тәрбиелеу.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Нан қадірі". Мақсаты: балалардың нан туралы ұғымдарын қалыптастыру, заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Нанның қасиеті". Мақсаты: балаларға нанның қасиеті мен маңызы туралы түсінік беру; нанның қандай еңбекпен әзірленетіні туралы қысқаша мағлұмат беру; нан өнімдері атаулары арқылы ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту; нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Жеміс-көкөністерден жасалған тоқаш". Мақсаты: балаларды әртүрлі заттар мен геометриялық пішіндердің ортақ сенсорлық сипаттарын біріктіруге және ажыратуға үйрету; олардың айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (дөңгелек пен сопақшаны) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Көңілді тоқаштар". Мақсаты: балаларды әнді мұқият тыңдай отырып, сипаты мен мазмұнын ажырата білуге үйрету; бесік жырын музыка жетекшісімен бірге айтуға дағдыландыру; топпен музыка мен қимылды үйлесімді жасауға жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Нан болса, ән де болады". Мақсаты: балалардың нанға құрмет сезімдерін қалыптастыру; заттарды құлатпай		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Наубайшы". Мақсаты: балаларды наубайшының еңбегімен таныстыра отырып, піскен нанның дайындалу кезеңдерін	Сурет салу. Тақырыбы: "Тоқаштар". Мақсаты: балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, бұру	

	аттап жүру дағдыларын жетілдіру; сапта бір-біріне соғылмай жүруге үйрету.		бақылату; нанның қасиеті туралы ұғым беру; нанға деген ерекше құрметін ояту; наубайшы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	бағытымен тұйықтап, нүктеге жеткізуге үйрету; қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; нанға құрмет сезімін тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аттап жүгірейік". Мақсаты: балалардың нанның адамға қажет өнім екендігі туралы түсіндіру; үлгілі көрсетілім және нұсқау бойынша заттардан құлатпай аттап өту қабілеттерін пысықтау.			Жапсыру. Тақырыбы: "Піскен бауырсақтар". Мақсаты: балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді жағып жапсыруға, сүлгіні қолдануға үйрету; нанды құрметтеуге тәрбиелеу.	
Жыл құстары / Перелетные птицы /Migratory of birds // (4-апта)					

Мақсаты. Балаларға жыл құстарының жылы жаққа ұшуы туралы алғашқы түсініктерді беру; құстардың дене құрылымына және шығаратын дыбыстарына деген қызығушылықтарын тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Секіреді торғай". Мақсаты: балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". Мақсаты: балаларды М. Мақатаевтың "Сап-сары жапырақтар" өлеңінен үзіндісін таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркем сөзбен бейнелеуге жаттықтыру; күзгі табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; эстетикалық талғам негіздеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Балапанға саты". Мақсаты: балаларды кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, балапанға саты құрастыруға үйрету; үй құстары тіршілігіне әуестенушілігін арттыру; еңбек нәтижесіне қуану әдетіне тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Торғайсың, тынбайсың!". Мақсаты: балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай білуге тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.		Жаратылыстану.	Музыка.	

	Тақырыбы: "Көңілді секірейік!". Мақсаты: балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу.		Тақырыбы: "Көлдегі үйректер". Мақсаты: балаларға үй құстарына жататын үйректің тіршілігі туралы ұғым беру; сурет мазмұны бойынша аталған кейіпкерлермен таныстыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету; үй құстарына деген қызығушылықты ояту, және қамқорлыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Құстар әні". Мақсаты: балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Торғай секілді секірейік". Мақсаты: балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіре білуге дағдыландыру; ойын-жаттығуларда белсенді,			Сурет салу. Тақырыбы: "Сары балапан". Мақсаты: Балаларды қарындаш жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап,	

	епті, шымыр болуға ынталандыру.			сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, балапан сұлбасы ішін толық бояуға үйрету; балапан денесі үлпілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру.	
--	------------------------------------	--	--	---	--